ЛЕКСИКА: Уақыт және адам

1-тапсырма. Мәтінді оқып, аударыңыз.

Уақыт және адам

Уақыт қашанда адам баласы үшін қымбат ұғым. Өйткені адам белгілі бір уақытта жаратылды, уақытша жаратылды. Уақыт бізге емес, біз уақытқа тәуелдіміз. Уақытты қалаған кезімізде ұзартып, қалаған кезімізде қысқарта алмаймыз.

Адам баласына берілген ең баға жетпес құндылықтардың бірі – уақыт. Бүгінгі күні дамыған өркениетті елдерге бара қалсаңыз, кез-келген адамның осы уақыт мәселесіне келгенде тым сараң екенін байқайсыз. Өйткені олар уақыттан ұтылған жағдайда көп нәрседен қағылатындықтарын жақсы біледі.

Жаратушының адам баласына берген баға жетпес, қайтып оралмас құндылықтарының бірі – уақыт. Әркім дәм-тұзы таусылғанша өмір сүреді. Адам өлгенде «уақыты бітті» дейді. Адам баласы үшін бұ дүниеде уақыттан қымбат еш нәрсе жоқ. Уақыт – опасыз нәрсе. Жатсаң да, тұрсаң да бір тоқтамайды, өте береді.

Уақыттың осы шағы алға қарай тоқтаусыз зымыраған сайын өткен шақ ұзарып, келер шақ қысқара береді. Ең қысқа уақыт – осы шақ. Адам үшін осы шақ дегеніміз сағат та емес, минут та емес, тіпті секунд те емес, ол – жалғыз ғана қас-қағым сәт. Шындығына келгенде, қас-қағым сәттің өзі де осы шақ болуға дәрменсіз. Мысалы, найзағайдың жарқылын бір қас-қағым сәтке теңесек, сол найзағай жарқылының да басталған, болған, аяқталған уақыттары бар.

Сөйтіп уақыт тірі пенделердің өмір сүруі мен өлі табиғаттың бола алу шарты ғана емес, ол – қандай бір нәрсенің, не құбылыстың кеңістікте бар болып тұруын білдіретін өлшемдердің ең негізгісі. Немесе уақыт – пайда болу (жасалу) мен туудың, өсіп-өну мен дамудың, тозып-ескіру мен қартаюдың, бұзылып ыдырау мен өлудің себеп-салдары.

Сөздік

уақыт – время
өркениет – цивилизация
найзағай – молния
қартаю – состариться
туу – родиться
даму – развитие
өлу – умереть
қас-қағым сәт – миг
құбылыс – явление
кеңістік – пространство
пайда болу – появиться
өсіп-өну – вырасти
бұзылып ыдырау – испортится, разложится
жаратушы – создатель
шындығына келгенде - в действительности

себеп-салдары – причины-следствия
тозып-ескіру – стареть, изнашивать
өлшем – мера, измерение

2-тапсырма. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Уақыт деген не?
2. Уақыттың маңыздылығы қандай?
3. Адам және уақыт байланысты ма?
4. Уақыт адамға тәуелді ме?
5. Сіз өз уақытыңызды бағалайсыз ба?
6. Уақытпен санасу керек пе?
7. Уақытты үнемдеу деген не? Оны қалай түсінесіз?

3–тапсырма. Берілген сөз тіркестерін аударыңыз, бірнеше сөйлем құрастырыңыз (Ескерту! мәтіннен дайын сөйлемді алуға болмайды, онда бағаланбайды сөйлемдеріңізді өздеріңіз құрастырыңыздар) .

Үлгі: Қазір демалуға уақытым жоқ.

Ақшалай құн, уақытты босқа өлтірмеу, уақытты үнемдеу, орынды пайдаланады, уақытты бағалай білу, еріншектікті жеңу, іскерлер әлемі, шығын, уақыт өткізді, уақыт болып қалды, уақытты бағалау, уақытты пайдалану, уақыт қымбат, уақытша баға.

4–тапсырма. Берілген лексикалық тапсырманы орындаңыз.

1) қас-қағым сәт – фразеологиялық сөз тіркесіне синоним табыңыз;
2) көп, жақсы, ертең, басталу – сөзінің антонимін табыңыз;
3) нашар, емші, өмірден өтерінде – сөзіне синоним табыңыз;